

Бекітемін:

«Құралай апа» бөбекжай балабақша
меңгерушісі: *А. А. Таженова*



**2024 – 2025 оқу жылының меңгеруші жанындағы кеңес жоспары мен
хаттамалары**

к/с	Тақырыбы	Мерзімі	Форматы	Жауаптылар
№1	№1 жиналыс Күн тәртібі: 1.Білім беру жүйесінің міндеттерімен таныстыру. 2.Балабақша топтарындағы ойын, табиғат және еңбек бұрыштарының безендірілуі 3.«Күз-мереке , күз-береке» алтын күзге арналған ертеңгіліктердің сценарийлерін, кестесін бекіту.	Қыркүйек	Дөңгелек үстел	Менгеруші: А.Таженова
	№2 Жиналыс Күн тәртібінде: 1.Педагог қызметкерлердің жеке шығармашылық тақырыптары бойынша жұмысы. 2.Балалармен жұмыс барысында санитарлық -эпидемиологиялық нормалар мен талаптардың орындалуын қадағалау. (тақырыптық тексеру қорытындысы) 3. Бала өмірін ұйымдастыру. Құнарлы тамақтану нормаларының орындалуы	Қараша	Дөңгелек үстел	Менгеруші: А.Таженова
	№3Жиналыс 1.Ортаңғы ересек топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығуларды және түскі гигиеналық шараларды	Наурыз	Дөңгелек үстел	Менгеруші: А.Таженова

	орындау қорытындысы. 2.. «8 наурыз-Аналар», «Ұлыстың ұлы күні Наурыз» мерекелік ертеңгіліктерінің сценарийлерінің кестесін бекіту 3.Оқу жылында балалардың тәрбие мен білім күзінеттілігін қалыптастырудың мониторингісі бойынша нәтижені талқылау.			
	№4 Жиналыс Күн тәртібінде: 1.«Бала бақшамен қоштасу» және «Балалардың қорғау» күніне арналған мерекелік іс-шарасы бекіту. 2. Оқу іс-қызметтерінен тыс уақытта қоршаған орта мен, таныстыру арқылы отан сүйгіштікке тәрбиелеу. 3. Жыл бойы өтілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерімен тәрбие сағаттарының талапқа сай өтілуі.	Мамыр	Дөңгелек үстел	Менгеруші: А.Таженова

Меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы №1

Мерзімі: Қыркүйек

Қатысқаны: Тәрбиешілер, әдіскер, меңгеруші, мамандар

Күн тәртібінде:

1. Білім беру жүйесінің міндеттерімен таныстыру.
2. Балабақша топтарындағы ойын, табиғат және еңбек бұрыштарының безендірілуі
3. «Күз-мереке, күз-береке» алтын күзге арналған ертеңгіліктердің сценарийлерін, кестесін бекіту.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Меңгеруші А.Таженова қызметкерлермен балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысының міндеттерімен таныстырды. Биылғы жылғы балабақшаның негізгі міндеттерін атап өтті. Ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, қазақ тілін меңгеруге ынталандыру

- МДҰ мен ата-аналар қауымдастығының ықпалдастығын нығайту, «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебі» әлеуметтік институтын дамыту

- Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және жайлы орта құру

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу

Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет дамыту бағытында жұмыс атқарылатынын айтып өтті.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбие мен оқытудың негізгі міндеті толық кеңістікті құрып, баланың оң мінез-құлқы, нормасы, тәртіп ережесі, халықтық салт-дәстүр үлгісінде қалыптастыру екендігіне баса назар аударды.

Екінші мәселе бойынша Әдіскер Ж.Бердалиева топтарындағы ойын, табиғат еңбек бұрыштарының безендірілуіне тоқталды. Табиғат бұрышында күнделікті ауа-райын белгілейтін кесте ілінгенін, гүлдердің түбін қопсытатын ағаш таяқша т.б құралдар қолданылып жүргенін айтты. Ойын бұрыштары ойыншықтармен жабдықталғанын айтты.

Сонымен қатар дамыту орта құру үшін, Үлгілік бағдарламаны және білім беру (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ету, балалардың жастарына сәйкес болуы, барлық

топтық бөлменің үй-жайлары, кабинеттер, ойындар мен ойыншықтар, материалдар, құралдардың тәрбиеленушілер, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қолжетімді болуы, балалардың демалуына немесе оңаша ойнауына, қолайлы эмоционалды жай-күйін дамытуға арналған орынды жабдықталғаны туралы айтып өтті.

Шешімі: 1.2024-2025 оқу жылына берілген міндеттер орындалсын, бақылау Әдіскер Ж.Бердалиева жүктелсін

Төрайымы:



А.Таженова

Хатшы:



С.Турусова

Меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы №2

Қатысқаны: Тәрбиешілер, әдіскер, меңгеруші, мамандар

Мерзімі: Қараша

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1.Педагог қызметкерлердің жеке шығармашылық тақырыптары бойынша жұмысы.
- 2.Балалармен жұмыс барысында санитарлық -эпидемиологиялық нормалар мен талаптардың орындалуын қадағалау. (тақырыптық тексеру қорытындысы)
3. Бала өмірін ұйымдастыру. Құнарлы тамақтану нормаларының орындалуы

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша әдіскер Ж.Бердалиева тәрбиеші Абенова К өз шығармашылық жұмыстарымен таныстырды өздері жасаған көрнекіліктерін, слайдтар көрсетті. Алдағы уақытта жасайтын жұмыстарының жоспарларымен таныстырды. Бала тәрбиесі қиындығы мен қызықшылығы қатар жүретін күрделі де ,абыройлы іс екенін дәлелдеді . Шығармашылық тақырыбына сай жасалған балалар жұмыстарын көрсетті.

Екінші мәселе бойынша медбике А.Ізтілеу балабақшадағы балалармен жұмыс барысында санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен талаптардың орындалуын қадағалау (тақырыптық тексеру қорытындысы) туралы айтты.Балабақшада жатын, ойын бөлмелерін жинастыру мүкамаладарды бөлек ұсталатындығын, Балалардың бет сүлгісі мен 1 реттік майлықтары күнделікті сүртіледі. Ойыншықтар 21 сабынды, содалы ерітіндімен күнде жұмыс соңында жуылады. Жұмсақ ойыншықтар 25 см қашықтықта бактерицидті шамдармен дәретхана едені, есік тұтқасы , раковина-унитаздар күнде жылы сабынды сумен жуылады ішкі жағы квачпен жуылады . Жалпы балабақшада санитарлық эпидемиологиялық талаптарды сақтау жүзеге асырылып жатқанын айтты.

Үшінші мәселе бойынша медбике А.Ізтілеу балалар тағамынын құрамына түрлі жеміс-жидектерді, салатқа көкөністерді косу керек тігін айтып өтті. Жемістерден күнделікті балғын компоттар қайнатып, беру керектігі айтылды . Қылтықсыз балық сорпасын көптеп беру ұсынылды

Шешімі:

1. Шығармашылық жұмыстары ары қарай толықтырылсын.


2. Балабақшадағы санитарлық-эпидемиологиялық нормалар талаптары қатаң сақталсын . Бақылау медбике А.Ізтілеуге және әдіскер Ж.Бердалиеваға жүктелсін.

Төрайымы:



А.Таженова

Хатшы:



С.Турусова

Меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы №3

Мерзімі: Наурыз 2025

Қатысқандар: Тәрбиешілер, әдіскер, меңгеруші, мамандар

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1.Ортаңғы ересек топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығуларды және түскі гигиеналық шараларды орындау қорытындысы.
- 2.. «8 наурыз-Аналар», «Ұлыстың ұлы күні Наурыз» мерекелік ертеңгіліктерінің сценарийлерінің кестесін бекіту
- 3.Оқу жылында балалардың тәрбие мен білім құзіреттілігін қалыптастырудың мониторингісі бойынша нәтижені талқылау.

Ортаңғы және ересек топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығулар мен түскі гигиеналық шараларды орындау қорытындысы.

Баяндамашы: Әдіскер Ж.Бердалиева

Жүргізілген бақылау нәтижесі бойынша топтарда таңғы жаттығу күн тәртібіне сай өткізіледі. Балалардың қозғалыс белсенділігі орташа деңгейде. Кейбір тәрбиешілер жаттығуларды балалардың жас ерекшеліктеріне сай емес етіп ұйымдастырған. Гигиеналық шаралар (қол жуу, бет жуу, тіс тазалау) көбіне дұрыс қалыптасқан, алайда кей топтарда балалардың өз бетімен орындау дағдыларын дамыту қажет.

Екінші мәселе бойынша «8 наурыз – Аналар күні», «Наурыз – Ұлыстың ұлы күні» мерекелік ертеңгіліктерінің сценарий кестесін бекіту

Барлық топтарға арналған мерекелік сценарийлер дайындалған. Ұлттық мереке мен аналар күніне арналған ертеңгіліктерде балалардың белсенділігі мен шығармашылығы ескерілген. Сахна жабдықтары, безендіру және киімдер бойынша ұсыныстар берілді.

Үшінші мәселе бойынша Оқу жылында балалардың тәрбие мен білім құзыреттілігін қалыптастырудың мониторингісі бойынша нәтижені талқылау
Баяндамашы:Тәрбиеші –Мамирхан А.

Жылдық мониторинг нәтижесінде балалардың танымдық, сөйлеу, әлеуметтік, шығармашылық, еңбек және дене шынықтыру салалары бойынша құзыреттіліктерінің деңгейі бағаланды.

Ортаңғы топтарда сөйлеу және таным саласы орташа деңгейде. Ересек және ортаңғы топтарда шығармашылық және логикалық тапсырмаларды орындауда жақсы нәтиже көрсетілді.

Әлі де жұмыс жүргізуді қажет ететін бағыттар: ұсақ моторика, сөздік қорды байыту, дербестік дағдылары.

Шешім:

1. Барлық бақылау және мониторинг нәтижелері бойынша ұсыныстар тізбегі жасалып, тәрбиешілерге жеткізілсін
2. Ертеңгіліктерге дайындық пен өту барысы әдістемелік бақылауға алынсын
3. Құзыреттілік мониторингі нәтижелері бойынша жеке дамыту жоспары жасалсын

Төрайымы:



А.Таженова

Хатшы:



С.Турусова

Меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы №4

Мерзімі: Мамыр айы

Қатысқандар: Тәрбиешілер, әдіскер, меңгеруші, мамандар

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1.«Бала бақшамен қоштасу» және «Балалардың қорғау» күніне арналған мерекелік іс-шарасы бекіту.
2. Оқу іс-әрекеттерінен тыс уақытта қоршаған орта мен, таныстыру арқылы отан сүйгіштікке тәрбиелеу.
3. Жыл бойы өтілген ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің тәрбие сағаттарының талапқа сай өтілуі.

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешілері жоспарларын бекітіп, іс-шараның барысымен таныстырды. «Бала бақшамен қоштасу» және «Балалардың қорғау күніне» арналған мерекелік іс-шара 2025 жылғы маусым айының 30-і күні балабақшада 5 жасар бүлдіршіндер үшін «Бала бақшамен қоштасу» және 1 маусым — «Балалардың қорғау күні» мерекелеріне орай мерекелік іс-шара ұйымдастыру жоспарланып отыр деді. Жалпы іс-шараның мақсатымен таныстырып өтті. Іс-шара бағдарламасын көрсетіп, таныстырып өтті. Балалар шығармашылығынан концерттік бағдарлама (ән айту, би билеу, өлең айту)

Балалардың қолөнер көрмесі және сурет салу конкурсы

Ойындар мен спорттық жарыстар

Қауіпсіздік пен құқықтарды сақтау туралы түсіндірме сағаттар

Ата-аналармен бірлескен мерекелік іс-шаралар

Іс-шараның сапалы өтуі үшін барлық тәрбиешілер, педагог-психологтар және ата-аналар қатысатындығын айтты.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Даулетбекова К Балабақшадағы тәрбие жұмысының маңызды бағыттарының бірі – балаларды өз Отанына деген сүйіспеншілікке, патриоттық сезімге баулу. Бұл тәрбие тек оқу іс-әрекеттері аясында ғана емес, сонымен қатар оқу процесінен тыс уақытта, яғни балалардың қоршаған ортамен танысуы барысында да жүзеге асуы қажет деді. Оқу іс-әрекеттерінен тыс уақытта балалар табиғатқа, әлеуметтік ортасына, тарихи-мәдени құндылықтарға көз жеткізіп, олардың маңыздылығын сезіне бастайды. Мысалы, балабақша аумағында серуендеу, табиғат құбылыстарын бақылау, өсімдіктер мен жануарларды таныстыру – барлығы балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттырады.

Қоршаған ортаны қорғау, табиғатты аялап қолдану қажеттілігі туралы әңгімелер балалардың жауапкершілігін дамытып, оларды туған жеріне құрметпен қарауға тәрбиелейді. Сонымен қатар, оқу іс-әрекеттерінен тыс уақыттағы танысу балалардың әлеуметтік қарым-қатынастарын нығайтып, достық пен өзара қолдауға үйретеді. Олар өз ата-аналарының, отбасының, елінің дәстүрлері мен салт-дәстүрлерімен танысып, патриоттық сезімін арттырады деді. Осылайша, оқу іс-әрекеттерінен тыс уақытта қоршаған орта мен таныстыру арқылы балада Отанына деген сүйіспеншілік, оның тарихын, мәдениетін құрметтеу сияқты құндылықтар қалыптасады. Бұл – оның тұлға болып қалыптасуының негізі және еліміздің болашағына бағытталған маңызды тәрбие жұмысының бір бөлігі екендігін көрсетін жаз маусымында ауықтырумен қатар экологиялық мәдениетке ерекше көңіл бөлінетіндігін айтып өтті.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер Ж.Бердалиева Жыл бойы өтілген ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің тәрбие сағаттарының талапқа сай өтілуі туралы айтып өтті. «5» саны Балабақшада ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері мен тәрбие сағаттарының сапасы маңызды көрсеткіш болып табылады. Талапқа сай, «5» деген баға алу – бұл балалардың танымдық және зияткерлік дағдыларының дамуына, сонымен қатар олардың математикаға деген қызығушылығының артуына негізделген. Мұндай іс-әрекеттер балалардың логикалық ойлау қабілеттерін, есептеу дағдыларын жетілдіруге, санмен жұмыс жасауға деген ынтасын оятады. Жыл бойы жүйелі түрде өткізілген сабақтар балалардың білімін тереңдетіп, оқу үрдісін қызықты әрі тиімді етеді деді. **«Бақ та ма? Бақшада ма?»** Бұл тақырып балаларға көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйретуге арналған. Балалар көкөністер мен жемістердің түрлері, пішіні, түсі және дәмі бойынша ерекшеліктерін үйренеді. Бұл білім балалардың қоршаған ортаны танып-білуін дамытуға, дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттырып, экологиялық тәрбие негіздерін қалыптастырды деді, **«Тәуелсіз елім Қазақстан»** Бұл тақырып балаларды өз елін, жерін сүйуге және қадірлеуге тәрбиелеуге бағытталған. Оларға Қазақстанның тәуелсіздігі туралы негізгі түсініктер беріледі, туған жердің тарихы мен мәдениеті таныстырылады. Балалар өз елінің символдары мен маңызды мерекелерін біледі, патриоттық сезімдерін оятады. Осы арқылы олардың елге деген құрметі мен мақтанышы қалыптаты деп, **«Менің сүйікті отбасым»** Бұл тақырып отбасы құндылықтарын дарытуға арналған. Балалар отбасындағы рөлдерді, ата-ананың, бауырлардың арасындағы қарым-қатынасты түсінеді. Отбасындағы


мейірімділік, қамқорлық, өзара құрмет сияқты қасиеттерге назар аударылады. Сонымен қатар, зейінін шоғырландыруға арналған ойындар мен тапсырмалар арқылы балалардың танымдық қабілеттері де дамытылады деді.

«Менің болашақ мамандығым»

Бұл тақырып балалардың мамандықтар туралы білімін кеңейтуге бағытталған. Балалар түрлі мамандықтарды танып-біліп, олардың қоғамдағы маңызын түсінеді. Сонымен қатар, мамандық пен қоршаған орта арасындағы байланысты зерттеу арқылы, болашақ мамандық таңдаудың маңыздылығына назар аударылады. Бұл іс-әрекеттер балалардың қызығушылығын арттырып, болашаққа деген сенімдерін қалыптастырады деді. Тәрбиешілерге жаңа оқу жылына бірнеше ұсыныстар тастады.

Шешімі:

Іс-шаралар өткізуде қауіпсіздікке ерекше мән беру.
Жаңа оқу жылында ашық іс-әрекеттер бойынша барлық педагогтарға жоспар құрылсын.

Төрайымы:		А.Таженова
Хатшы:		С.Турусова